

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 431 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.21. N 313 қаулысымен.

"Жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол полициясы туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 19 сәуірдегі
N 431 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының
жол полициясы туралы**

Ереже

1. Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жол полициясы (бұдан әрі - жол полициясы) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында арнайы бақылау, қадағалау және рұқсат ету функцияларын, сондай-ақ автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау, адамдар мен азаматтың құқықтары мен бостандығына, қоғам және мемлекеттің мүдделеріне қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі атқарушы және басқарушы функцияларды жүзеге асырады.

2. Жол полициясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Жол полициясы жол-көлік оқиғаларының алдын алу мен олардың салдары ауыртпалығын төмендету мақсатында өз қызметін министрліктермен және ведомстволармен, жергілікті атқарушы органдармен, заңды және жеке

тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасу арқылы жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті, Астана, Алматы қалалары ПББ-нің, облыстардың ПББ-ПБ-нің, жол полициясы басқармалары, басқармалардың құрамына кірмейтін Астана, Алматы қалаларының ПББ, облыстардың ПББ-ПБ жол полициясының саптық және өзге де бөлімшелері, қалалық, аудандық және өзге де ішкі істер бөлімдерінің жол полициясы бөлімдері (бөлімшелері) мен топтары жол полициясы қызметінің біртұтас жүйесін құрайды.

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жол полициясы қызметін басқаратын құрылымдық бөлімшесі.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Жол полициясы департаментінің бастығын лауазымға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі тағайындайды әрі босатады және ол лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік автомобиль инспекторы болып табылады.

7. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті бастығының орынбасарларын лауазымға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі тағайындайды әрі босатады және олар лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік автомобиль инспекторының орынбасарлары болып табылады.

8. Облыстардың, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың жол полициясы басқармаларының (бөлімдерінің, бөлімшелерінің) бастықтары лауазымға белгіленген тәртіппен тағайындалады әрі босатылады және лауазымы бойынша Бас мемлекеттік автомобиль инспекторлары, ал олардың орынбасарлары - облыстардың, қалалардың, аудандардың, қалалардағы аудандардың Бас мемлекеттік автомобиль инспекторларының орынбасарлары болып табылады.

9. Жол полициясының құрылымы мен штат санын ішкі істер органдары үшін оны қамтуға бөлінетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен сан нормативтерінен кем емес қаражат шегінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейді.

10. Жол полициясының жоғары тұрған бөлімшелері басшыларының нұсқаулары мен өкімдерін жол полициясының төмен тұрған бөлімшелерінің басшылары орындауға міндетті.

11. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы департаменті туралы ережені Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

12. Астана, Алматы қалалары ПББ-нің, облыстардың ПББ-ПБ-нің, жол полициясы басқармалары, басқармалардың құрамына кірмейтін Астана, Алматы

қалаларының ПББ, облыстардың ПББ-ІІБ жол полициясының саптық және өзге де бөлімшелері, қалалық, аудандық және өзге де ішкі істер бөлімдерінің жол полициясы бөлімдері (бөлімшелері) мен топтары туралы ережелерді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекіткен Үлгі ереже негізінде тиісті ішкі істер органдарының басшылары бекітеді.

13. Жол полициясы өзінің алдына қойылған міндеттерге сәйкес және өз қ ұ з ы р е т і ш е г і н д е :

1) Қазақстан Республикасында қолданылатын:

жол қозғалысының тәртібі мен шарттарын, көше-жол желісіндегі және жол бойындағы көліктік және өзге де қызметті, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызмет түрлерін жүзеге асыруды белгілейтін нормативтік құқықтық кесімдердің, нормативтердің және стандарттардың;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ш а р т т а р д ы ң ;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау е р е ж е л е р і н і ң ;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде қалаларды, өзге де елді мекендерді, тұрғын үй массивтері мен өнеркәсіптік аймақтарды жобалау және салу кезіндегі ережелердің, нормативтер мен стандарттардың;

жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өткелдерін, электр көлігі желілерін жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу және қалпына келтіру кезіндегі ережелердің, нормативтер м е н с т а н д а р т т а р д ы ң ;

автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын және темір жол өткелдерін жол қозғалысы үшін қауіпсіз жағдайда ұстау ережелерінің;

жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарды шығару, орнату, монтаждау, жөндеу және ұстау жөніндегі ережелердің, нормативтер мен с т а н д а р т т а р д ы ң ;

көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жағдайына, оларды тексеру әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтер мен стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

2) көлік құралдары иелерінің және тасымалдаушылардың заңнамада белгіленген азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттерді көлік құралдары иелері мен жолаушыларды тасымалдаушылардың орындауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) заңды және жеке тұлғалардың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы, нормативтерді, ережелер мен стандарттарды

о р ы н д а у ы н

т е к с е р е д і ;

4) жол қозғалысы мен автомобиль тасымалдары қауіпсіздігі саласында кез келген жасалған немесе дайындалып жатқан құқыққа қайшы қол сұғушылық туралы арыздар мен хабарларды қарайды, олардың жолын кесу, ашу, оларды жасаған адамдарды ұстау, қоғамға қауіпті салдарларға жол бермеу жөнінде у а қ т ы л ы ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы ;

5) автомотокөлік құралдарын жүргізу құқығын алу үшін емтихандар қ а б ы л д а й д ы ;

6) жеңіл, жүк автомобильдерін және автобустарды, олардың негізінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, мотоциклдерді, мотороллерлерді , сондай-ақ автомобильдердің құрамында қозғалысқа арналған тіркемелерді (бұдан әрі - автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелері), оның ішінде басқа мемлекеттерде тіркелгендерді және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан астам мерзімге әкелінгендерді тіркейді және есебін жүргізеді;

7) автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелерін, оның ішінде сенімхат және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттар бойынша пайдаланушы адамдарды тіркейді және есебін жүргізеді;

8) жүргізуші куәліктерінің бланкілерін, автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне арналған тіркеу құжаттарын және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін және автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне және олардың жүргізушілеріне жол қозғалысына қатысуға рұқсат беруге қажетті және басқа да арнайы өнімдердің есебін жүргізеді;

9) автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелерінің мемлекеттік техникалық байқауын ұйымдастыруды жүзеге асырады және оларды өткізеді;

10) жол қозғалысы жағдайларын зерделейді және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды, жол қозғалысын р е т т е у д і ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

11) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, автомобиль жолдарында жасалатын қылмыстарды ескерту және жолын кесу жөніндегі і с - ш а р а л а р ғ а қ а т ы с а д ы ;

12) айдап әкетілген, ұрланған және жол-көлік оқиғалары болған жерлерден жасырынған автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелерін іздеу жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіппен ұйымдастырады және жүргізеді;

13) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

14) жол-көлік оқиғалары болған жерлерде кезек күттірмейтін іс-қимылдарды жүзеге асырады, адамдарды эвакуациялау және оларға дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды, зақымданған көлік

құралдарын тасымалдауға көмектеседі;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралдарын пайдаланумен байланысты қылмыстар туралы істер бойынша анықтау жүргізеді;

16) жол қозғалысы қауіпсіздігінің жағдайы көрсеткіштерінің мемлекеттік есебін жүргізеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көлік құралдарына еріп жүруді жүзеге асырады;

18) автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өткелдерін, қалалық электр көлігі желілерін, сондай-ақ жаңа автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелерінің үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады;

19) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және жүргізуді, осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде жеке басылымдарды қоса алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіреді, осы мақсатта байқаулар, конкурстар, жарыстар және басқа да іс-шаралар өткізеді, жолдарда жүру қауіпсіздігі ережелерін халыққа үйретуді ұйымдастыруда жергілікті атқарушы органдар мен оқу орындарына көмектеседі;

20) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен заңды тұлғаларды және қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, ғылыми зерттеулердің басым тақырыптары мен бағыттарын анықтау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мамандарды даярлау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

21) жол-көлік оқиғалары туындауының себептері мен жағдайларын, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін құқық бұзушылықтар мен құқыққа қайшы әрекеттерді анықтайды және талдайды, оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

22) жол қозғалысын қадағалауды жүзеге асырады, жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды анықтайды және олардың жолын кеседі, жол қозғалысына қатысушылардың тәртібі мен қауіпсіздігін арттыру жөнінде шаралар қабылдайды;

23) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына қатысты мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

24) сақтанушы (сақтанған), жәбірленуші немесе олардың мұрагерлері сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабарлай алмайтын кезде, осы жол-көлік оқиғасы туралы тиісті сақтандырушыны хабардар етеді.

14. Жол полициясы өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің лауазымды адамдарынан және жеке тұлғалардан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің сақталуы туралы мәліметтер, оларды бұзу фактілері бойынша түсініктемелер сұрайды;

2) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде заңды тұлғалардың қызметін бақылайды және орындау үшін міндетті нұсқамалар береді, ал нұсқамалар бойынша қажет шаралар қабылданбаған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартады;

3) азаматтардың қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік талаптарын сақтауын, құқыққа қайшы іс-әрекеттерді тоқтатуын талап етеді, бұл талаптарды орындамаған жағдайда заңнамада белгіленген мәжбүрлеу шараларын қолданады;

4) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады, оларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда көшелерде және жолдарда көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысын, сондай-ақ оларда жүргізіліп жатқан жұмыстардың барлық түрлерін уақытша шектейді немесе тыйым салады;

6) көлік құралдарының пайдалануына тыйым салады, нұсқама орындалғанға дейін ұйымдардың көлік құралдарын пайдалануды жалғастыру жол қозғалысы қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайда олардың жолға шығуын тоқтатады;

7) жол қозғалысы қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжаттары жоқ, сондай-ақ тораптар мен агрегаттардың нөмірлері немесе мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері жасырылған, қолдан жасалған, өзгертілген автотөлік құралдарын және олардың тіркемелерін тіркеу мен тиісті құжаттарды беруден бас тарту жолымен жол қозғалысына қатыстырмайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда, көлік құралдарын тоқтатады және жүргізушілердің оларды пайдалануға және жүргізуге құқық беретін құжаттарын, жүктің құжатын және оны тасымалдауға құқық беретін құжатты, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың сақтандыру полисінің болуын тексереді;

9) мас күйіндегі, көлік құралдарын жүргізуге және пайдалануға құқық беретін құжаттары жоқ адамдарды, сондай-ақ заңнамада көзделген басқа да жағдайларда көлік құралдарын жүргізуден шеттетеді;

10) адамдарды ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығы мәніне белгіленген тәртіппен куәландыруды өткізеді не оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жібереді немесе жеткізеді;

11) көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтату үшін арнайы құралдарды белгіленген тәртіппен пайдаланады;

12) құқық бұзушылықтарды, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтердің, ережелер мен стандарттардың бұзылуын анықтау және тіркеу үшін техникалық және көлік құралдарын белгіленген тәртіппен п а й д а л а н а д ы ;

13) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіппен, жол органдарымен келісім бойынша жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарында жол қозғалысын қадағалауды және бақылауды ұйымдастыру үшін тұрақты бақылау бекеттерін орнатады;

14) әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асырады, хаттамалар жасайды, әкімшілік жаза қолданады, тәртіп бұзушыларды жеткізеді, әкімшілік ұстауды, жеке тексеруді, заттар мен құжаттарды тексеруді және алуды, сондай-ақ көлік құралдарын тексеруді жүргізеді;

15) көлік құралдарын заңнамада көзделген негіздемелер бойынша ұстайды және белгіленген тәртіппен уақытша ұстау үшін арнайы алаңдарға немесе тұрақтарға апарды, сондай-ақ көлік құралдарының жүріс бөлігіне тосқауыл қ о я д ы ;

16) өндірістегі істер мен материалдар бойынша азаматтар мен лауазымды адамдарды жол полициясына шақырады, олардан қажетті түсініктемелер, анықтамалар, құжаттар (олардың көшірмелерін) алады;

17) өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан, (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) оқиғалар, дүлей апаттар болған жерлерге бару және жедел медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін, сондай-ақ кідіртуге болмайтын өзге де жағдайларда, иелеріне залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлік құралдарын пайдаланады;

18) кезек күттірмейтін жағдайларда, қызметтік мақсатта оларды пайдалану бойынша шығыстарды өтеу арқылы олардың орналасқан орнына және тиесілілігіне қарамастан, байланыс құралдарын пайдаланады;

19) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мүдделі заңды тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктермен бірлесе отырып, ғылыми зерттеулердің басым тақырыптары мен бағыттарын анықтауға қатысады, белгіленген тәртіппен оларды іске асыруды, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді жол полициясының практикалық қызметіне енгізуге қатысады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

субъектінің (өтініш берушінің және (немесе) лицензиаттың) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

21) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың талаптарын сақтамаған жағдайда автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, салуды темір жол өткелдерін, электр көлігі желілерін жобалауды, қайта жаңартуды, жөндеуді және қалпына келтіруді не пайдалануды тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру туралы ұсыныстарды енгізеді;

22) жүктелген міндеттердің шешілуін қамтамасыз ететін арнайы есепке алуды, ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану жөніндегі ұсыныстарды жоғары тұрған органдарға енгізеді;

23) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында, оның ішінде автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, темір жол өткелдерін, электр көлігі желілерін салуға, қайта жаңартуға, жөндеуге және қалпына келтіруге, көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жағдайына және оларды тексеру әдісіне қатысты нормативтік құқықтық кесімдердің, нормативтердің, ережелердің және стандарттардың жобаларын келіседі;

24) белгіленген тәртіппен:

қалаларда және автомобиль жолдарында жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын, қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдарымен жолдарды жабдықтауды;

жолдарды, жол құрылыстарын салу, қайта жаңарту жобаларын; автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде қызмет көрсету және жарнама объектілерінің орналасуын;

бағытты көлік құралдарының қозғалыс бағыттарын ашуды және аялдама пункттерінің орналасуын;

жолдарда бұқаралық, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізуді; көлік құралдарын қайта жабдықтауды, оларға арнайы жарық және дыбыс дабылдарын орнатуды, көлік құралдары шанақтарының бүйір бетіне ақ түсті көлбеу жолақтар салуды;

ауыр салмақты, қауіпті және ірі көлемді жүктер тасымалдауды; жалпы ұзындығы 20 м көлік құралдарының (бір тіркемені қоса алғанда) немесе екі және одан да көп тіркемелері бар автопоездардың қозғалысын; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мамандарды, жүргізу жөніндегі нұсқаушыларды және жүргізушілерді даярлау бағдарламасын; оқу-жаттығу жүргізулеріне тыйым салынған жолдардың тізбесін; автомобиль жолдарының арналармен, байланыс және электр беру

желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және темір жол және басқа да инженерлік тораптармен және коммуникациялармен қиылысуын;

автомобиль жолдарымен бір деңгейде қиылысқан кезде темір жол деңгейін жоғарылатуды және төмендетуді немесе қосымша жол төсеуді;

темір жол өткелдерін салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және жоюды;

автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде және бақылауға алынған аймақта сырттан жарық түсіру тіреулерін орналастыруды;

жолда көлік құралдарының немесе жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасайтын кез келген жұмыстардың жүргізілуін келіседі;

25) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және құқық бұзушыларға қарсы күресте үздік шыққан азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстар дайындайды;

26) мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерінің, автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелерін тіркеу туралы куәліктердің, жүргізуші куәліктерінің және автомотокөлік құралдары мен олардың тіркемелеріне және жүргізушілерге жол қозғалысына қатысуға рұқсат беру үшін қажетті басқа да арнайы өнімдердің үлгілерін әзірлейді;

27) мемлекеттік органдарға, сондай-ақ өзге де ұйымдарға жол қозғалысының қауіпсіздігі деңгейін арттыру, жеке, заңды тұлғаларды және мемлекетті жол-көлік оқиғалары салдарынан қорғау, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ғылыми, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді.